



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ НАРЫҒЫНА ЖТСМ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

№2026-2 талдамалық жазба

Ален Акылбеков
Оксана Нурханова

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) талдамалық жазбалары ҚРҰБ және оның қызметкерлерінің талдамалық немесе әдістемелік жұмыстарының нәтижелерін таратуға арналған. Осы талдамалық жазбаларда авторлар нақты жағдайды талдау және/немесе статистикалық немесе реттеушілік деректерді бағалау негізінде өз қорытындыларын ұсынады және әдістемелік ұсыныстар береді.

Осы құжатта айтылған пікірлер авторлардың жеке ұстанымын білдіреді және ҚРҰБ ресми ұстанымын көрсетпеуі мүмкін.

Микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) нарығына микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) төмендетудің әсерін бағалау.

2026 жылғы наурыз

NBRK – AN – 2026 – 2

© National Bank of the Republic of Kazakhstan (2026 жыл). Барлық құқықтар қорғалған. Бір абзацтан аспайтын қысқаша үзінділерді автордың рұқсатынсыз, дереккөзге сілтеме жасау шартымен келтіруге болады.

Микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) нарығына микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) төмендетудің әсерін бағалау.

А. Акылбеков¹, О. Нурханова²

Аннотация

Таладама жазбасында МҚҰ секторының құрылымдық өзгерістері ГЭСВ шекті мәндерінің төмендеу жағдайында талданады. Қатысушылар санының, әсіресе PDL-микрокредиттерге маманданған компаниялардың азауы атап көрсетіледі. МҚҰ секторының кредиттік портфелі жоғары қарқында өсуді жалғастыруда, сонымен қатар кәсіпкерлік мақсаттағы кепілсіз микрокредиттеу көлемі артуда. Бұл динамика бизнес-модельдерді жаңа реттеуші талаптарға бейімдеуді ғана емес, сонымен қатар басқада себептерге қатысты екенін көрсетуі мүмкін, бұл одан әрі мониторинг жасауды қажет етеді. Микроқаржы нарығына реттеуді қатайтудың тұтастай алғанда әсері, соның ішінде ЖТСМ мөлшерлемедегі өзгерістер атап өтілді.

Түйінді сөздер: реттеу, шекті ставкалар, микрокредиттеу

JEL сыныптамасы: G23, O15, O16

2024 жылдың тамызында ЕДБ мен МҚҰ қарызы бойынша ЖТСМ-ның шекті өлшемін төмендету туралы шешім³ қабылданды. МҚҰ нарығындағы өзгеріс екі сегментке әсер етті:

(1) стандартты микрокредиттер – ЖТСМ 56%-дан **46%-ға** дейін төмендетілді;

(2) мерзімі 45 күнге дейінгі микрокредиттер, PDL қарыз – күнделікті номиналды мөлшерлеме 1%-дан **0,3%-ға** дейін төмендетілді, шекті ЖТСМ **179%** болып енгізілді, қарыздың шекті сомасы 50-ден **45 АЕК-ке** дейін төмендетілді. Бұрын мұндай қысқа мерзімді және сомасы көп емес микрокредиттер (бұдан әрі – PDL) бойынша басқа реттеу тәртібі қолданылды, ол тек номиналды мөлшерлеме бойынша шектеуді көздеді, ол жылдық тиімді мәнде 2024 жылы енгізілген шекті деңгейден айтарлықтай жоғары болды (1-кесте).

¹ Акылбеков Ален – Зерттеулер және талдама орталығы – департаментінің қаржы нарықтарын зерттеулер басқармасының бас маман – талдаушысы
(alen.akylbekov@nationalbank.kz)

² Нурханова Оксана – Зерттеулер және талдама орталығы – департаментінің қаржы нарықтарын зерттеулер басқармасының бастығы
(oxana.nurkhanova@nationalbank.kz)

³ «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» ҚР ҚНРДА Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 және ҚРҰБ Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысы.


1-кесте. Кем дегенде 45 күнге берілетін қысқа мерзімді микрокредиттерге (PDL) сыйақы мөлшерлемелерін шектеу ретроспективасы

Жыл	Микрокредит ≤ 20 000 АЕК	PDL (≤45 күн)	Сыйақы (лимит)		Тұрақсыздық сомасы	Жалпы төлем
			кепілді	кепілсіз		
2020	56% ЖТСМ	≤50 АЕК	қарыз сомасының 30%-ынан аспайтын		күніне ≤0,5%	қарыздың сомасының ≤50%
2021			соманың 20%-ынан аспайтын	соманың 30%-ынан аспайтын		
2022			соманың 20%-ынан аспайтын	соманың 25%-ынан аспайтын		
2023			күніне <1%, бірақ соманың 20%-ынан аспайтын; мерзімін ұзартқанда – күніне ≤0,35%			
2023			күніне 0,8%, бірақ соманың 20%-ынан аспайтын; мерзімін ұзартқанда – күніне ≤0,4%	<30 АЕК: күніне <1%, соманың ≤20%; 30-50 АЕК: күніне <1%, соманың ≤15%; мерзімін ұзартқанда – күніне ≤0,4%		
2024-қ.у.	46% ЖТСМ	≤45 АЕК	күніне ≤0,3% (≈179% ЖТСМ)		күніне ≤0,3%	


Кредиттік портфель

МҚҰ портфелінің динамикасы – **ж/ж 39%** (2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша), тіпті әрекет етуші қатысушылар санының азаюы аясында да тұрақты өсуді көрсетуде (1 және 2- график). Сонымен қатар портфельдің негізгі құрамдас бөліктерінің **пропорцияларында өзгеріс байқалады**. Реттеудің қатаңдауы және адал емес компаниялардың лицензияларының қайтарылуы нәтижесінде **PDL қарыздың субпортфелі** төмендеуде. Ал микрокредиттеудің басқа сегменттерінің өсу қарқыны оң аймақта сақталуда.

1-график. МҚҰ портфелінің құрамдас бөліктерінің өсу қарқыны, ж/ж



2-график. Жұмыс істейтін компаниялар санының динамикасы.




Талдау мақсатында біз МҚҰ нарығының қатысушыларын компаниялар қызметінің бейініне байланысты 2025 жылғы 1 сәуірдегі портфель құрылымының негізінде топтастырдық. Компанияның портфелінде қарыздың тиісті түрінің басым болуы жатқызу өлшемшарты болды (орташа алғанда, көлемнің 70%-дан астамы): (1) PDL (жалақыға дейінгі қарыз), (2) авто сатып алушыларға бағдарланған, (3) мемлекет қатысатын, (4) кәсіпкерлік мақсаттарға бағдарланған, (5) жылжымайтын мүлік кепілдігімен портфелі бар, (6) әртараптандырылған портфельмен өзге де амбебап МҚҰ. Компанияның портфелінде қарыздың тиісті түрінің басым болуы жатқызу өлшемшарты болды.

Микрокредиттер портфелінің динамикасы (көлемі 2 жылда екі есе өсті) МҚҰ нарығының өнімдеріне сұраныстың сақталып отырғанын куәландырады, бұл ретте **кепілсіз қарыз негізгі драйвер болып қала береді**. Бұдан басқа, жаңа тренд байқалды: **кәсіпкерлік мақсаттарға** берілген кепілсіз қарыздың өсуі (3-график).

МҚҰ автокредит портфелі **15 – 20%**-ға жуық өсуді жалғастыруда, бұл осы саладағы орында тұрақты сұранысты көрсетеді. Кредиттеудің осы сегментін кеңейту автокредиттер үшін **борыштық жүктеме коэффициентін** есептеуге **ерекшелік енгізуді** қоса алғанда, реттеуді жеңілдетуге байланысты. Бірқатар ірі МҚҰ ЕДБ-ға трансформациялау үрдісін ескере отырып, автоөнімдер тарапынан жалпы портфельдегі шоғырланудың күшеюі күтілуде.

ЖТСМ өзгерісі портфельдің басқа сегменттеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Мысалы, бүкіл МҚҰ секторы бойынша жылжымайтын мүлік кепілімен қарыздың үлесі 2023 жылғы маусымнан 2025 жылғы маусымға дейінгі кезеңде – 10% деңгейінде, сол сияқты заңды тұлғалар қарыздарының үлесі – шамамен 4% деңгейінде сақталды.


3-график. Портфельді кепіл түрлері бойынша бөлу динамикасы



Беру көлемі бойынша негізгі кредиторлар PDL сегментіне бағдарланған компаниялар, авто және қарыз алушы-кәсіпкерлер (4-график). Бұл ретте екі жыл ішіндегі жалпы тренд авто және кәсіпкерлік мақсаттары үшін

өрлеп келе жатқан және PDL сегменті үшін төмендеп бара жатқан тренд болып табылады, ол реттеушілік шектеулер қысымымен маңыздылығын жоғалтады.


4-график. Компаниялар тобы бойынша микрокредиттерді беру динамикасы




PDL қарыз нарығындағы белсенділік айтарлықтай төмендеуде, бірақ микрокредит **портфелінің құрылымында ығысу тенденциясы** бұрын тек қысқа мерзімді, шағын сомадағы PDL қарызына бағытталған компаниялар арасында байқалды (5-график). Мәселен, PDL-компаниялар портфелінде кепілсіз қарыздың едәуір өсуі байқалады, бірақ бұл жолы **кәсіпкерлік мақсаттарға** арналған, бұл ретте мұндай шарттардың орташа сомасы 10 мың теңгеге ерекшеленеді, ал олардың жалпы саны шамамен бір деңгейде қалады (6-график). Сондықтан, бұл трендтің басқа факторларға емес (мысалы, нысаналы мақсаттың ресми өзгеруі), осы компаниялардың бизнес үлгілерінің өзгеруіне байланысты екендігін бағалау тек қадағалап тексерулер арқылы мүмкін болады.

2025 жылдың басынан бері бұл компаниялар бұрын мүлдем болмаған жылжымайтын мүлікті кепілге алған қарызды да қосты.

5-график. Микрокредит түрлері бойынша компаниялардың PDL портфелінің құрылымы



6-график. PDL компанияларының кепілсіз микрокредиттердің орташа сомасы мен саны



МҚҰ секторындағы портфель айналымы бизнес үлгілерінің айқын дифференциациясын көрсетеді және портфель құрылымының өзгеруіне байланысты бірте-бірте төмендейді (2-кесте).

2-кесте. Портфельдің айналымы (12 айлық айналым)

	07.24	08.24	09.24	10.24	11.24	12.24	01.25	02.25	03.25	04.25	05.25	06.25
МҚҰ портфелі	1,8	1,8	1,8	1,7	1,7	1,7	1,6	1,6	1,6	1,6	1,6	1,6
PDL компаниялар	4,5	4,3	4,2	4,0	3,8	3,7	3,6	3,5	3,5	3,5	3,5	3,4
Автомобиль кепілі	1,3	1,3	1,3	1,3	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
Мемлекеттік компания	0,2	0,2	0,2	0,2	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Мүлік кепілі	1,0	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	1,0	1,1	1,2
Кәсіпкерлік	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3
Басқалар	1,6	1,5	1,4	1,4	1,4	1,4	1,4	1,4	1,4	1,4	1,5	1,5

Ең жоғары айналымы коэффициенттері PDL компанияларының портфелінде байқалады, бұл шарт мерзімі қысқа (45 күнге дейін) микрокредиттердің басым болуымен түсіндіріледі. Бір жыл бұрын **PDL компанияларының портфелі** 12 ай ішінде **4,5 есе** жаңартылды. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш **3,4-ке** дейін төмендеді, бұл өзге кредиттік өнімдер үлесінің өсуінің нәтижесі де, қарызды өтеудің баяулауы да болуы мүмкін. Басқа компаниялар топтары бойынша айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ.

Табыстылық

Тұтастай алғанда, МҚҰ нарығы салыстырмалы түрде жоғары табыстылықпен сипатталады, оның деңгейі микрокредиттеу секторына байланысты (7-график, а және б). Ең жоғары мәндер, сондай-ақ табыстылықтың айтарлықтай төмендеуі PDL қарыз нарығында белсенді компаниялар арасында байқалады. 2022 жылдың басында олардың **тоқсандық табыстылығы** қысқа мерзімді қарыздың жоғары маржасы мен сұраныстың жылдам өсуіне байланысты **8-9%-ға** дейін өсті. Алайда, бірте-бірте, реттеушілік өзгерістердің енгізілгенін ескергенде, бұл тренд кері кетті. 2023 жылы 60%-дан асатын және 2025 жылдың басына қарай шамамен **30%-ға** дейін төмендеген **PDL компанияларының жылдық табыстылығы** компанияның басқа топтарынан айтарлықтай асып түсуді жалғастырды.


PDL сегменті үшін медианалық тоқсандық табыстылық қысқа мерзімді қарызға сұраныс циклімен байланысты болуы мүмкін маусымдық белгілерді көрсетеді: 2022-2024 жылдардағы белсенділіктің шегі тұтынушылық шығындардың ұлғаюының ықтимал кезеңінен кейін (Жаңа жылдық шығыс, оқу маусымы) жыл басында болды. Дегенмен, 2025 жылы PDL компанияларының жартысы тоқсанына **1%-дан аз** табыстылық көрсетті. Бұл айтарлықтай төмендеудің себептері реттеушілік ортаны күшейту (номиналды мөлшерлемелерді кезең-кезеңмен төмендету, ЖТСМ бойынша және борыштық жүктеме коэффициенті бойынша талаптардың енгізілуі және т.б.), сондай-ақ жеке тұлғаларға⁴ берілетін

⁴ «Қазақстанда үй шаруашылықтарын банктік емес қаржыландыруды талдау», *Ұлттық Банктің экономикалық зерттеулері*, №2024-1

микрокредиттерді қайта құрылымдау және кешіру шаралары (2022 және 2023 жылдардың аяғында) болды.

Портфелінде жылжымайтын мүлік кепілі бар микрокредиттер, авто, кәсіпкерлік мақсаттар мен әмбебап өнімдер басым компаниялар топтары бойынша табыстылықтың неғұрлым тұрақты деңгейі байқалады, бірақ біршама жалпы төмендеу бар. Тұтастай алғанда, 2024 жылдың тамызында максималды ЖТСМ 46%-ға дейін төмендегеннен бері мұндай компаниялардың табыстылығына нақты әсер еткен жоқ. Бұл портфельдік тәуекелдің төмен деңгейімен және тиісінше PDL-мен салыстырғанда төмен сыйақы мөлшерлемелерімен түсіндіріледі.

7-график. Кіріс әкелетін активтердің табыстылығы



Тұтастай алғанда, бұл динамика нарықтың құрылымдық трансформациясын растайды: қысқа мерзімді онлайн өнімдердің жоғары кірістілігі төмендейді, ал ойыншылар бірте-бірте ұзақ мерзімді стратегияларға ауысуда, бұл тұтастай алғанда сектордың жалпы табыстылығын төмендетеді.

Қаржыландыру


2023 жылдың ортасына дейін МҚҰ секторын қаржыландыру толығымен дерлік ұзақ мерзімді қарызға және ішінара кредиторлық берешекке негізделген, капитал нарығының борыштық құралдары жоқ (8-график а және б). 2023 жылдың шілдесінен бастап шығарылған бағалы қағаздар құрылымға алғаш рет енгізілді және олардың үлесі біртіндеп өсіп, 2025 жылдың ортасына қарай шамамен 15-20%-ға жетті. Алайда ұзақ мерзімді қарыздың үлесі басым болып қала береді.

PDL компанияларын қаржыландыру құрылымында қысқа мерзімді қарыздың үлесі қысқарды, ал ұзақ мерзімді қарыз жалпы құрылымның шамамен 30% тұрақтанды. Бұл ретте басқа көздердің үлесі айтарлықтай өсті, бұл қосымша ашуды талап етуі мүмкін. Ағымдағы динамика PDL сегментінің қысқа мерзімді қарыз алу басым үлгіден теңгерімді қаржыландыру жүйесіне


өтуін көрсетеді, бұл сонымен бірге олардың микрокредиттік портфелінің құрылымының біртіндеп өзгеруімен бірге жүреді.

8-график. Қаржыландыру құрылымы

А. PDL компанияларын қоспағанда қаржыландыру құрылымы



Б. PDL компанияларын қаржыландыру құрылымы




Ескертпе: МҚҰ шығарған бағалы қағаздары 2023 жылғы 3-тоқсанынан бастап есептілікте көрсетіледі


Капиталдың юрисдикциясы бойынша Қазақстан барлық қаржыландырудың жартысынан көбін қамтамасыз ететін негізгі дереккөз болып қала береді (9-график а және б). Дегенмен, PDL компаниялары мен басқа МҚҰ қаржыландыратын елдердің тізімі әртүрлі. Балтық (Латвия) юрисдикциялары мен Кипр де өз үлесін ұдайы арттыра отырып, маңызды рөл атқарады. 2024 жылдан бастап Ресей Федерациясының және белгілі бір дәрежеде Чехияның қатысуы айтарлықтай өсті, ал басқа дереккөздер салыстырмалы түрде аз болып қалады. Жалпы алғанда, PDL компаниялары тартылған капиталдың жалпы көлемі ұлғаюда, бұл сектордың белсенді кеңеюін көрсетеді.

9-график. Қаржыландырудың негізгі юрисдикциялары

А. PDL компанияларынан қоспағанда



Б. PDL компаниялары



Қорытынды

МҚҰ секторы реттеудің күшеюіне жауап ретінде де, саланың өзі эволюциясына байланысты да құрылымдық өзгерістерге ұшырауын жалғастыруда. Ойыншылар саны азайып келеді, бұл ең алдымен қысқа мерзімді және аз мөлшерде кепілсіз микрокредиттерге (PDL) бағытталған компанияларға байланысты. Бірнеше ірі МҚҰ аяқталды немесе банкке айналу үстінде.

МҚҰ кредит портфелі жоғары қарқынмен өсуді жалғастыруда (2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ж/ж 39%), бұл негізінен кепілсіз және кепілді автокөлік сегменттерге негізделген. Жаңа тенденция байқалады: кәсіпкерлік мақсаттағы кепілсіз микрокредиттердің өсуі. Бұл процестің бірқатар ерекшеліктері бар, олардың болуы қолда бар деректер негізінде нарықтың осы ауысуының шынайы процестері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Жалпы алғанда, 2024 жылдың тамыз айында микрокредиттер мен PDL сегменті бойынша ЖТСМ-ге қатысты реттеудің қатандатылуы МҚҰ кредиттік портфелі мен нарықтың рентабельдігіне әсер еткені байқалады. Алайда енгізілген ЖТСМ бойынша өзгерістер нарықтағы негізгі себеп емес, керісінше бұрыннан бар тенденцияны жалғастырып, күшейткен фактор болды.